

Сабақтың тақырыбы:

Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы.

Зерттеу сұрағы:

Не себепті “Елім-ай” бүкілхалықтық әнге айналды?

Сабақтың мақсаты:

- 7.4.1.1.-жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау.

”Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” (XVIIIғ)

- 1722ж.қытай императоры Канси қайтыс болды.Жоңғарлар Қытаймен бейбіт келісім жасауға мүмкіндік туды.
- Жоңғар билеушілері Еділ бойындағы қалмақ ханы Аюкемен бірлесіп қазақтарға қарсы соғыс қимылдарын жүргізуді мақсат етті.
- Ресей Ертіс бойында бекіністер тұрғызумен әуре болып жоңғарларға айтарлықтай қауіп төндіре алмайтын еді.(жоңғарлармен қазақтардың өзара соғысып әлсіреуін күтті. Бұл Ресейге тиімді еді.)

1723-1727ж.ж. Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама кезеңі .

- 1723ж.Цеван- Рабтан Қазақстанға қарай қалың қолды аттандырды.
- Жетісу мен Ертіс бойы қазақтары жоңғар шапқыншылығына ұшырады.
- Жоңғарлар Ташкент, Сайрам, Түркістан сияқты қалаларды басып алды. Қазақ жерінің көп бөлігі жоңғарларға қарады. (батыстағы алыс аймақтар ғана аман қалды).

- Қазақтар аман қалу үшін батыс аймаққа жылжып Жайық бойына дейін жетті,
- Орта жүз руларының көпшілігі Самарқан қаласының төңірігіне көшті
- Кіші жүз қазақтарының едәуір бөлігі Хиуа, Бұқар хандықтарына көшті.
- “Елім-ай “әні дүниеге келді.
- Батырлардың ерлік істерін Үмбетей, Тәтіғара, Бұқар т.б.басқа жыраулар жазып қалдырды.

Тапсырма:

- Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама қай жылдары болды?
- Ресей не себепті қазақтарды жоңғарлардан қорғауға күш салмады?
- Жоңғар шапқыншылығының салдарынан қазақтар қай жақтарға көшті?(картамен жұмыс)
Шапқыншылықтан Қазақстанның қай аймағы көп зардап шекті
- Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының шаруашылығына қандай зардабын тигізді?
- Не себепті “Елім-ай” бүкілхалықтық әнге айналды?
- Қалқаман-Мамыр дастанынан қандай мәліметтерді білуге болады?
- Қазақтар жоңғарлардан не себепті жеңілді?

Үйге тапсырма

- П-2 оқу.(9-14беттер)
- Картамен жұмыс